

## **Кемені, оның ішінде шағын көлемді кеме мені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 51 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 наурызда № 10400 тіркелді.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-7) тармақшасына, "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Кемені, оның ішінде шағын көлемді кеме мені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев) мыналарды:

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 3 ақпан

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрі  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 23 қаңтардағы  
№ 51 бұйрығымен бекітілген

**Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.05.2020 № 303 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Ішкі су көлігі туралы Заң) 9-бабы 1-тармағының 26-7) тармақшасына, "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ішкі суда жүзетін кемені және "өзен - теңіз" суларында жүзетін кемені және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу, "Мемлекеттік кеме тізілімінде ішкі суда жүзетін кемелерді, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу", "Жалға алынған ішкі суда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеу", "Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу", "Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу", мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидалар барлық жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өздігінен жүретін шағын көлемді кеме - шағын көлемді кемені қозғалысқа механикалық қондырғымен, сондай-ақ желкенді;

2) өздігінен жүрмейтін шағын көлемді кеме - өздігінен қозғалуға арналған механикалық қондырғысы жоқ шағын көлемді кеме;

3) Мемлекеттік кеме тізілімі - кемелер (жолаушы, жүк-жолаушылар, мұнай құйылатын, сүйреткіш кемелер, құрғақ жүк кемелері, қалқымалы крандар және техникалық флот кемелері, сондай-ақ шағын көлемді кемелер болып табылмайтын кемелер) мен оларға құқықтар тіркелетін құжат;

4) жалға алынған шетелдік кемелер тізілімі - осы заңның 24-бабының 11-тармағында және 26-бабының 5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін шетелдік кемелер тіркелетін құжат.

5) Кеме кітабы - шағын көлемді кемелер және оларға құқықтар тіркелетін құжат;

4. Мемлекеттік кеме тізілімінде, жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде және Кеме кітабында Ішкі су мен "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемені, сондай-ақ шағын көлемді кемені және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

5. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеуді келіп түскен күні жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, мемлекеттік қызметті көрсету өтінішін тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу мерзімін көрсете отырып өтінішті қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.

8. Жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзы арқылы алады.

9. Кемелерді мемлекеттік тіркеуге берілетін құжаттарға қойылатын талаптар:

1) құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады;

2) ресми шетелдік құжаттар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде заңдастырылады.

3) егер ұсынатын құжаттар шет тілінде жасалған жағдайда, оларға мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы қоса беріледі;

4) құжаттардың мәтіндері анық, заңды тұлғалардың атаулары мен деректемелері - қысқартусыз жазылған болуы тиіс.

**2-тарау. Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу және "Мемлекеттік кеме тізілімінде ішкі суда жүзетін кемелерді, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде жолаушы, жүк-жолаушылар, мұнай құйылатын, сүйреткіш кемелер, құрғақ жүк кемелері, қалқымалы крандар және техникалық флот кемелері, сондай-ақ шағын көлемді кемелер болып табылмайтын кемелер тіркеледі.

11. Қазақстан Республикасынан тыс жерден сатып алынған кеме Мемлекеттік кеме тізіліміне тіркеу осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

12. Кемелерді жеке тұлғалардың атына мемлекеттік тіркеу жеке тұлғаның тіркелген орны бойынша жүзеге асырылады.

Кемелерді заңды тұлғалардың атына мемлекеттік тіркеу заңды тұлғаның не оның филиалының немесе өкілдігінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

13. Мемлекеттік кеме тізілімін жүргізуді көрсетілетін қызметті беруші қағаз және электронды тасымалдағыштарда жүзеге асырады.

14. Шетел мемлекеті кемелері тізілімінде тіркелген кеме Мемлекеттік кеме тізілімінде меншік иесінің шетел мемлекеті кемелер тізілімінен шығарылғандығы туралы үзіндіні ұсынғаннан кейін ғана тіркеледі.

15. Кемеге тіркеу нөмірін беру осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі - Нөмір беру бойынша қосымша).

16. Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен:

- 1) қаза тапқан немесе хабарсыз жоғалып кеткен;
- 2) конструкциялық жағынан қаза тапқан;
- 3) қайта жасау немесе кез келген басқа өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;
- 4) Ішкі су көлігі туралы Заңның 24-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған;
- 5) кеме иесінің ауысуына байланысты кеме шығарылуға тиіс.

17. Зақымдалған кеме, егер:

- 1) кеме тұрған орнында да, ол жеткізілуі мүмкін кез келген басқа орында да қалпына келтіріле алмаса;
- 2) кемені жөндеу экономикалық жағынан орынсыз болса конструкциялық жағынан күйреген деп саналады.

18. Кемені Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу үшін өтініш беруші "электрондық үкіметтің" порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік кеме тізілімінде ішкі суда жүзетін кемелерді, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – "Мемлекеттік кеме тізілімінде ішкі суда жүзетін кемелерді, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі – 1 өтініш) жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын және нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі "Мемлекеттік кеме тізілімінде ішкі суда жүзетін кемелерді, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - 2 (екі) жұмыс күні.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

20. Көрсетілетін қызметті беруші 2 екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәтінен бастап олардың толықтығын және Қағидалар талаптарына сәйкестігін тексереді және нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметтің мынадай қорытындыларын береді:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік кеме тізіліміне тіркеу туралы жазба енгізеді және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Кеме куәлігін немесе Кеме куәлігінің түпнұсқасын (бұдан әрі - Кеме куәлігі) береді;

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес кеме Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару туралы анықтама (бұдан әрі - Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару туралы анықтама);

2) дәлелді бас тартуға негіздер анықталған жағдайда, дәлелді бас тартуды дайындайды және оны электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жолдайды.

21. Дәлелді бас тарту "Мемлекеттік кеме тізілімінде ішкі суда жүзетін кемелерді, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Егер оқиға немесе басқа себептермен кеме бұрын Мемлекеттік кеме тізіліміне енгізілген мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда кеме Мемлекеттік қайта тіркеу жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қайта тіркеу кезінде көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік кеме тізіліміне қайта тіркеу туралы жазба енгізеді және жаңа Кеме куәлігін береді.

23. Осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген жағдайларда Мемлекеттік кеме тізілімінен шығаруды көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кеме тіркеуден шығаруға арналған өтініштің (бұдан әрі – 2-өтініш) негізінде жүргізеді.

2-өтінішке онда жазылған фактілерді растайтын құжаттар, сондай-ақ кеме Мемлекеттік тіркеу кезінде берілген кеме куәлігі қоса беріледі.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органы шетелдік азаматқа немесе шетелдік заңды тұлғаға кеме мәжбүрлі түрде сатқан кезде Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару мерзімі көрсетілген орган кеме сатылғанын және сатып

алушының өзіне қабылдап алғандарынан басқаларын қоспағанда, ешқандай ипотекалармен ауыртпалық салынбағанын куәландыратын құжаттарды ұсынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

25. Кеменің тіркелген ипотекасы болмаған жағдайда, бұл кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару мерзімі 2 - өтініші берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік кеме тізілімге кеменің шығарылғаны туралы жазбаны енгізеді және кемені Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару туралы анықтаманы береді.

26. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға береді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағымды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса, әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға жібермейді.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**27. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. Кемені шет мемлекеттің туына уақытша көтеруге көшіру**

28. Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелген кемені жалдау шарты бойынша шетелдік жалға алушыға беру кезінде пайдалануға және иеленуге мұндай кеме уәкілетті органның шешімі негізінде шет мемлекеттің туын көтеруге уақытша ауыстырылады.

29. Кемені шет мемлекеттің туын уақытша көтеруге көшіру туралы шешімді кеме иесінің немесе тиісті түрде ресімделген сенімхаты бар тұлғаның мынадай құжаттарды

қоса бере отырып, кемеңі мемлекеттік тіркеу орны бойынша аумақтық бөлімшенің атына жіберілген өтініші (еркін түрде) негізінде уәкілетті орган қабылдайды:

1) ипотеканы кепіл ұстаушының кемеңі шет мемлекеттің туын көтеруге көшіруге жазбаша келісімі (белгіленген тәртіппен белгіленген және тіркелген кеме ипотекасын ұстаушыларды алдын ала қанағаттандыру болмаған кезде);

2) жалдаушы мемлекеттің құзыретті органдарының немесе кеме туын көтеруге көшірілетін өзге де шет мемлекеттің белгіленген тәртіппен куәландырылған, сол мемлекеттің заңнамасында Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелген кемеге осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығын беруге тыйым салатын ережелердің жоқтығын және кемеге осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығының берілу мерзімі өткен соң кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге қайтарылатынын растайтын құжаты;

3) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығының берілуін немесе бұл құқықтың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығының тоқтата тұру сәтінде берілетіндігін растайтын құжат;

4) жалға алу шарты.

30. Бас тартуға негіздер болмаған кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығының тоқтатыла тұрған күні, кемеңі шет мемлекеттің туын көтеруге көшіруге рұқсат етілген мерзім, кемеге туын көтеріп жүзуіне рұқсат етілген мемлекеттің атауы, жалға алу шарты бойынша шетелдік кеме жалдаушының аты мен мекенжайы көрсетіледі.

31. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын тоқтата тұру күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне тиісті белгі енгізілген күн болып есептеледі. Кеме куәлігіне белгілер енгізу мерзімі өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күнін құрайды.

32. Кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрған мерзім ішінде оның бортында осы құқықтың тоқтатыла тұрғандығы туралы белгі қойылған Кеме куәлігі болуы тиіс.

33. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрған мерзім ішінде кемеге құқықтарды, шектеулерді (ауыртпалықтарды) осы Қағидаларға сәйкес Мемлекеттік кеме тізіліміне тіркеуді жүргізу жалғастырылады.

34. Кемеңі жалға алу шартының қолданысы тоқтаған немесе уәкілетті органның рұқсатында көрсетілген мерзім өткен кезде Мемлекеттік кеме тізіліміне кеме иесінің өтініші негізінде (еркін түрде) тиісті жазба енгізіледі және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жана Кеме куәлігі беріледі.

35. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сатып алынған кеме Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі осындай құқықты растайтын және кеме Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркелгенге дейін, бірақ бір жылдан



аспайтын мерзімге жарамды кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы уақытша куәлік (бұдан әрі - Уақытша куәлік) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес берген күннен бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын пайдаланады.

36. Уақытша куәлікті Қазақстан Республикасының консулдық қызметі құқық иесінің мынадай құжаттарды қоса берген өтініші негізінде (еркін түрде) береді:

1) кемеге меншік құқығын растайтын құжат;

2) кемені бұған дейін тіркеген мемлекеттің құзыретті билік орындары берген (егер мұндай жағдай өтініш берілгенге дейін орын алған болса) кеменің бұл мемлекеттің тізілімінен шығарылғанын және ипотека ауыртпалығы жоқтығын куәландыратын құжат;

3) өлшем куәлігі ("өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелер үшін);

4) сыныптау куәлігі;

5) жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемелері үшін).

37. Уақытша куәлік беру туралы өтініш берген кезде жеке тұлға оның жеке басын растайтын құжатты, ал заңды тұлғаның өкілі - заңды тұлғаның құрылтайшы құжаттарын немесе олардың нотариалды расталған көшірмелерін, сондай-ақ заңды тұлғаның атынан әрекет ету өкілеттігін растайтын құжатты ұсынады.

38. Осы Қағидалардың 36-тармағында көрсетілген құжаттарды алған кезде Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемесінің консулдық лауазымды тұлғасы құжаттарды есепке алу кітабына тиісті жазба енгізеді.

39. Уақытша куәлік бергені туралы әрбір жазба тіркеу нөмірімен сәйкестендіріледі. Мұндай нөмір құжаттарды қабылдаған кезде беріледі және қабылдаған құжаттардың кіріс нөміріне сәйкес келеді. Ұсынылған құжаттарды тексергеннен кейін Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемесі Уақытша куәлік береді. Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемесі берілген Уақытша куәлік туралы он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға Уақытша куәліктің көшірмесін қоса бере отырып, хабар жібереді.

#### **4-тарау. Кемелерді шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеу және "Жалға алынған ішкі кеме және "өзен-теңіз" кемелерін жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

40. Жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде Ішкі су көлігі туралы Заңның 24-бабының 11-тармағында және 26-бабының 5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін шетелдік кемелер тіркеледі.

41. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы уақытша берілген қазақстандық тұлға экипажсыз жалға алған шетелдік кеме (бербоут-чартер) оның негізгі тіркелген мемлекеттің кемелері тізілімінде тіркелуі тоқтатыла тұрғаннан кейін жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде тіркеледі.

42. Шет мемлекеттің кеме тізілімінде тіркелген кеме Заңның 24-бабының 11-тармағына сәйкес осындай кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуге жатады.

43. Кеменің тіркеу нөмірін беру Нөмір беру бойынша қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

44. Жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінен кемені экипажсыз жалдау шарты бойынша (бербоут-чартер) қазақстандық жалға алушыға пайдалануға және иеленуге берілген шетелдік кеме алып тасталады.:

1) кемені (бербоут-чартер) жалдау шартының қолданылуын тоқтату;

2) кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру мерзімі;

3) уәкілетті органның кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру туралы шешімінің күшін жою туралы шешім қабылдайды.

45. Жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде тіркелген шетелдік кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын көрсетілетін қызметті беруші қазақстандық жалға алушыға тиісті хабарлама жібереді.

46. Қазақстандық жалға алушы кеме жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне енгізілген көрсетілетін қызметті берушіге тиісті куәлікті қайтарады.

47. Кемені шетелдік кемелер тізілімінде тіркеу үшін өтініш беруші портал арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Жалға алынған ішкі кеме және "өзен-теңіз" кемелерін жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – "Жалға алынған ішкі кеме және "өзен-теңіз" кемелерін жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, 1-өтінішке сәйкес нысан бойынша өтінішті жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын және нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың

тізбесі "Жалға алынған ішкі кеме және "өзен-теңіз" кемелерін жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

**Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

48. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - 2 (екі) жұмыс күні.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

49. Көрсетілетін қызметті беруші 2 екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәттен бастап олардың толықтығын және Қағидалар талаптарына сәйкестігін тексереді және нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметтің мынадай қорытындыларын береді:

1) көрсетілетін қызметті алушы толық құжаттары ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне тіркеу туралы жазба енгізеді және шетелдік кемеге осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы куәлікті береді;

2) дәлелді бас тартуға негіздер анықталған жағдайда, дәлелді бас тартуды дайындайды және оны электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жолдайды.

50. Дәлелді бас тарту "Жалға алынған ішкі кеме және "өзен-теңіз" кемелерін жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

51. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға береді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағымды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса, әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға жібермейді.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

**Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**52. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **5-тарау. Шағын кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібі және "Шағын кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

53. Шағын көлемді кеме оған тіркеу нөмірі беріле отырып, кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жатады.

54. Кеме кітабын жүргізуді аумақтық бөлімшелер қағаз және электронды тасымалдағыштарда жүзеге асырады.

55. Массасын қоса алғанда екі жүз килограмға дейінгі және қозғалтқыштарының (орнатылған жағдайда) қуаты қоса алғанда сегіз киловатқа дейінгі шағын көлемді кемелер, сондай-ақ ұзындығы тоғыз метрден аспайтын, қозғалтқыштары жоқ және демалуға арналған орындармен жабдықталмаған спорттық желкенді кемелер мемлекеттік тіркелуге жатпайды.

56. Тіркелген әрбір шағын көлемді кемеге осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес шағын көлемді кемені есепке алу карточкасы ашылады.

57. Меншік құқығына қарамастан көрсетілетін қызметті алышулар, сондай-ақ техникалық жағдайына, жыл мезгіліне немесе кеменің тұрақтау орнына қарамастан шағын көлемді кемелерді меншік құқығына сатып алған Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар оларды тіркеу үшін осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі - 3-өтініш) көрсетілетін қызметті берушіге сатып алған (алған), жасалған немесе оларды тіркеуге, қайта тіркеуге әкелетін жағдайлар туындаған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

58. Мұрагерлікпен берілген шағын көлемді кемелерді қоспағанда, шағын көлемді кемелерді тіркеу он сегіз жасқа толған адамдардың атына жүргізіледі. Шағын көлемді кемені он сегіз жасқа толмаған мұрагерге тіркеген кезде тіркеу карточкасында

ата-анасының немесе қамқоршысының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және ата-анасының немесе қамқор органдарының келісімінсіз есептен алуға тыйым салынатыны туралы жазба жасалады.

59. Шағын көлемді кемелерді жеке тұлғалардың атына мемлекеттік тіркеу жеке тұлғаның тіркелген орны бойынша жүзеге асырылады.

Шағын көлемді кемелерді заңды тұлғалардың атына мемлекеттік тіркеу заңды тұлғаның немесе оның филиалының немесе өкілдігінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

**60. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.08.2022 № 440 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

61. Өздігінен жүзетін шағын көлемді кемені тіркеген кезде оған тіркеу нөмірі осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес беріледі.

62. Берілген тіркеу нөмірі қазақ әліпбиінің үш әрпінен (литерінен) және төрт цифрдан тұрады. Бірінші үш әріп Қазақстан Республикасының облысына, қаласына тиесілігін білдіреді. Цифрлар кеме кітабында тіркелген реттік нөміріне сәйкес келеді. Әрбір серия 0001-ден 9999-ға дейінгі төрт таңбалы нөмірлерден тұрады және флоттың 9999 бірлігін қамтиды.

63. Кемелерге берілген тіркеу нөмірлері мен олардың литерлік белгілеулері (әріптік және цифрлік) кеменің алдыңғы жағының екі бортына оның атауынан жоғары жазылады. Бұл ретте кеменің атауы жазбасы өзінің өлшемдері бойынша оның тіркеу нөмірі мен литерлік белгілеуінен ірілеу белгіленеді. Кеменің алдыңғы жағында басқа жазбаларға рұқсат етілмейді.

64. Тіркеу нөмірі шағын көлемді кеменің екі бортына да салынады және форштевеннен корпус ұзындығының 1/4-іне тең қашықтықта орналастырылады. Бояу жуғанда кетпейтіндей және корпусстың түсіне қарама-қарсы түсті болуы тиіс. Әріптер мен цифрларды бір жолға жазады. Олардың биіктігі кемінде 100-150 мм, ал ені тиісінше - 15-20 мм болуы тиіс.

65. Көрсетілетін қызмет беруші кеме кітабынан:

1) қаза тапқан немесе хабарсыз жоғалып кеткен;

2) конструкциялық жағынан қаза тапқан;

3) қайта жасау немесе басқа да өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;

4) осы Заңның 24-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған;

5) кеме иесінің ауысуына байланысты кеме шығарылуға тиіс.

66. Кеме иесінің жаңа тұрақты мекенжайға көшуіне байланысты кемені мемлекеттік тіркеуден шығару кезінде кеме билетінде мемлекеттік тіркеуден алынуы туралы белгі қойылады және Кеме кітабында тиісті жазбамен тіркеу нөмірі жойылады.

67. Толық техникалық тозудың салдарынан кемеңі мемлекеттік тіркеуден шығару арнайы техникалық бақылау актісі бойынша, ал кемеңі оның қирауына байланысты мемлекеттік тіркеуден шығару кезінде Кеме кітабында және тіркеу карточкасында тиісті жазбалар жасалады.

68. Мемлекеттік тіркеуден шығарылған шағын көлемді кемеңің тіркеу нөмірі басқа ешқандай кемеге бес жыл ішінде берілмейді.

69. Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды тіркеу үшін өтініш беруші портал арқылы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес "Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – "Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, 3-өтінішке сәйкес нысан бойынша өтінішті жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын және нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі "Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

**Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

70. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - 2 (екі) жұмыс күні.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

71. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәтінен бастап 2 екі жұмыс күні ішінде олардың түгелдігін және Қағидалар талаптарына сәйкестігін тексереді және нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметтің мынадай қорытындыларын береді:

1) көрсетілетін қызметті алушы толық құжаттары ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші кеме кітабына тіркеу туралы жазба енгізеді және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес Кеме билетін немесе Кеме билетінің түпнұсқасын (бұдан әрі - Кеме билеті) береді;

осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес кемеңі кеме кітабынан шығару туралы анықтама (бұдан әрі - Кеме кітабынан шығару туралы анықтама);

2) дәлелді бас тартуға негіздер анықталған жағдайда, бас тартуды дайындайды және оны электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жолдайды.

72. Дәлелді бас тарту "Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

73. Өздігінен жүзетін шағын көлемді кемені тіркеген кезде оған тіркеу нөмірі беріледі және кеме иесіне Кеме билеті тапсырылады.

74. Өздігінен жүзбейтін шағын көлемді кемелерді (ескекті қайықтар, байдаркалар және үрлемелі кемелер) тіркеу кезінде тіркеу нөмірі беріледі және кеме иесіне Кеме билеті тапсырылады, бір "Е" әрпінен тұратын литер және кеме кітабы бойынша реттік нөмір белгіленеді.

75. Оқиға нәтижесінде немесе басқа себеппен шағын көлемді кеменің Кеме кітабына бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалған жағдайда кемені мемлекеттік қайта тіркеу жүзеге асырылады.

Қайта тіркеу кезінде көрсетілетін қызметті беруші кеме кітабына қайта тіркеу туралы жазба енгізеді және жаңа Кеме билетін береді.

76. Қазақстан Республикасының меншігіндегі және мемлекеттік органдар өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін пайдаланатын шағын көлемді кемені коммерциялық мақсаттарда пайдалануда шағын көлемді кемені қайта тіркеуге негіз болып табылады.

77. Шағын көлемді кемені қайта тіркеу шағын көлемді кемені мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) өтініш негізінде жүргізіледі.

78. Кеме билеті жоғалған жағдайда, өтініште кеме билетін жоғалту жағдайлары көрсетіледі.

79. Кеме билеті жоғалған, бүлінген, иесінің мекенжайы өзгерген немесе көшелердің, елді мекендердің атауы өзгертілген кезде және атауы өзгертілуіне байланысты басқа жағдайларда, осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес иесінің өтініші (бұдан әрі - 4-өтініш) негізінде және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы кодексіне сәйкес бюджетке белгіленген алым төленгеннен кейін өтініш берушіге кеме билетінің телнұсқасы беріледі.

80. Кемелерді есептен шығару 4-өтініштің нысаны бойынша кеме иесінің өтініші бойынша мынадай жағдайларда жүргізіледі: кеме иесінің ауысуы (сату, сыйлау, мұраға алу), иегердің басқа тұрақты тұратын орынға көшуі.

Көрсетілетін қызметті беруші кеме кітабына кеме мені шығару туралы жазба енгізеді және кеме мені кітабынан шығару туралы анықтама береді.

81. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға береді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағымды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса, әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға жібермейді.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

**Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**82. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**6-тарау. Кеме менің, шағын кеме менің, жасалып жатқан кеме менің ипотекасын мемлекеттік тіркеу және "Кеме менің, шағын көлемді кеме менің, жасалып жатқан кеме менің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

83. Кеме менің, шағын көлемді кеме менің, жасалып жатқан кеме менің ипотекасын аумақтық бөлімше кеме тіркелген тізілімде тіркейді.

84. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер кіріс құжаттарын есепке алу кітабына және осы кеме тіркелген тиісті тізілімге енгізіледі.

85. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл туралы кеме құжаттарына қандай да бір жазбалар енгізу талап етілмейді.

86. Кеме менің, шағын көлемді кеме менің, жасалып жатқан кеме менің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші портал арқылы осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес "Кеме менің, шағын көлемді кеме менің, жасалып жатқан кеме менің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың



тізбесіне (бұдан әрі – "Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі – 5-өтініш) жолдайды.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты) немесе заңды тұлғаны - меншік иесін (заңды тұлғаларға қатысты) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын және нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі "Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

**Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

87. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - 1 (бір) жұмыс күні.

Өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып өтінімді қабылдау туралы хабарлама жолданады.

88. Көрсетілетін қызметті беруші 1 бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген уақыттан бастап олардың түгелдігін және Қағидалар талаптарына сәйкестігін тексереді және нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметтің келесі қорытындыларын береді:

1) толық құжаттары ұсынған жағдайда кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, немесе шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, немесе кеменің (жасалып жатқан кеменің) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі - Ипотека туралы куәлік), немесе кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы, немесе шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы, немесе кеменің (жасалып жатқан кеменің) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын осы Қағидаларға 19, 20, 21-қосымшаларға сәйкес;

кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ, немесе шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ, немесе кеменің (жасалып жатқан кеменің) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақты осы Қағидаларға 22, 23, 24 - қосымшаларға сәйкес (бұдан әрі - Қосымша парақтар);

кеме ипотекасын тоқтату туралы ақпарат, шағын көлемді кеменің ипотекасын тоқтату туралы ақпарат, немесе кеменің (жасалып жатқан кеменің) ипотекасын тоқтату

туралы ақпарат беру осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Кеме ипотекасын тоқтату туралы ақпарат);

2) дәлелді бас тартуға негіздер анықталған жағдайда бас тартуды дайындайды және оны электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жолдайды.

89. Дәлелді бас тарту "Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.01.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

90. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кеме ипотекасы туралы шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін Қосымша парақтардың нысаны бойынша осы куәлікке қосымша парақтарды қоса беру арқылы жүзеге асырылады.

91. Кеменің кепіл берушісі Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 5-өтініштің нысаны бойынша кепіл берушінің өтініші негізінде портал арқылы тиісті кеменің Ипотекасы туралы куәліктің телнұсқасын береді.

92. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасы тоқтатылған кезде көрсетілетін қызметті беруші 5-өтініштің нысаны бойынша кепіл берушінің өтініші негізінде портал арқылы кеме ипотекасының тоқтатылуы туралы ақпарат береді. Ақпаратта Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің тоқтатылуы туралы мәліметтер көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті тізілімге Кеменің, шағын көлемді кеменің, жасалып жатқан кеменің ипотекасының тоқтатылуы туралы жазба енгізеді.

93. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға береді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағымды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса, әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға жібермейді.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

**Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**94. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2022 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына 1-қосымша

### **Кемелердің тіркеу нөмірлері**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 02.11.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Кемелерге тіркеу нөмірлерін беру төменде санамаланған литерлерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады:

- 1) Жоғарғы Ертіс бассейніне – "ER";
- 2) Орал бассейніне – "ZH";
- 3) Іле бассейніне – "IL";
- 4) Балқаш бассейніне – "B";
- 5) Есіл бассейніне – "ES";
- 6) Сырдария бассейніне – "S";
- 7) Каспий бассейніне – "Q";
- 8) Орталық бассейнге (Қазақстан Республикасының басқа су қоймаларына) – "OR".

Жалға алынған шетелдік кемелердің тізіліміне енгізілген кеменің тіркеу нөміріне "А" әрпі қосылады.

2. Кеменің тіркеу орнын белгілеу мақсатында нақты бассейн үшін белгіленген әріптік литерге цифрлық литер де қосылады:

- 1) Өскемен учаскесі – "ER-1";
- 2) Семей учаскесі-" ER -2";
- 3) Павлодар учаскесі – "ER-3";
- 4) Орал учаскесі-"ZH-1";
- 5) Атырау учаскесі-"ZH-2";

- 6) Қарағанды учаскесі (орталық бассейн үшін)-"OR-1";
- 7) Қарағанды учаскесі (Балқаш бассейні үшін)-"B-1";
- 8) Алматы учаскесі (Балқаш бассейні үшін)-"B-2";
- 9) Жамбыл учаскесі – "B-3";
- 10) Жетісу учаскесі (Балқаш бассейні үшін)-"B-4";
- 11) Астана қаласының учаскесі – "ES-1";
- 12) Петропавл учаскесі-"ES-2";
- 13) Қостанай учаскесі – "OR-2";
- 14) Түркістан учаскесі - "S-1";
- 15) Қызылорда учаскесі – "S-2".

Кемені, оның ішінде шағын  
көлемді кемені және оған  
құқықтарды мемлекеттік тіркеу  
қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі  
Көлік комитетінің аумақтық органына \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Территориальному органу Комитета транспорта Министерства Индустрии и  
инфраструктурного развития Республики Казахстан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Кеме иесінің толық және қысқартылған атауы, оның заңды мекенжайы, телефоны,  
факсы,  
тіркелген жері \_\_\_\_\_

